

Педагогикалық кеңес жоспары

Мақсаты: Педагогикалық ұжымының білім беру мен тәрбиелеудегі жұмысын басқару.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 317 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі білім беру ұйымдары басшыларының бұйрығымен бір оқу жылына сайланады және бекітіледі. «Педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығы басшылыққа алынды.

Педагогикалық кеңес қызметі:

- 1) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және жүзеге асыру;
- 2) жұмыс оқу жоспарларын бекіту;
- 3) білім беру қызметтерінің сапасы;
- 4) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімдері мен психология-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;
- 5) білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауын өткізу, оларды емтихандарға жіберу, білім алушыларды ұсынылған құжаттар негізінде емтихандардан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа көшіру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мадақтау қағаздарымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік аяқтағаны, негізгі орта білімді аяқтағаны, жалпы орта білім беруді үздік аяқтағаны, жалпы орта білім беру жөнінде аттестаттар, белгіленген үлгідегі анықтамалар беру туралы шешім қабылдау;
- 6) оқу жүктемелерін бөлу, педагогтерді аттестаттауға, марапаттауға және көтермелеуге дайындау;

- 7) білім беруді ұйымдастыруды үш тілде оқытуға көшіру;
- 8) экстернаттық оқыту түрінде білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауға жіберу, өткізу;
- 9) зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музыкалық-шығармашылық конкурстарға қатысатын білім алушыларға арнап жеке жұмыстар ұйымдастыру;
- 10) сабақ кестелерін құрастыру;
- 11) білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) қабылдау, ауыстыру және шығару;
- 12) білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) эмоционалдық-еркін және тұлғалық дамуын зерттеу сияқты мәселелерді қарастырады;
- 13) оқуы мен тәрбиесінде тұрақты қиындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру;
- 14) кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау мәселелерін қарастырады. 4-тармақ мынадай редакцияда жазылған: «4. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымдарының барлық педагогтары кіреді». Педагогикалық кеңесте қысқартылған жүктеме бойынша Типтік оқу жоспарларын таңдау, топтарға бөлу, жоғары сыныптарда физика, химия, биология, информатиканы ағылшын тілінде оқыту және білім беру ұйымдары қызметінің басқа да мәселелері бойынша өз бетінше шешім қабылдауға болады.
(Әдістемелік нұсқаулықтан көшірме)